

<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ Санитариялық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесі</p>		<p>Республиканское государственное учреждение Департамент санитарно- эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН</p>
<p><b>ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ</b></p>		<p><b>ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ</b></p>

**ҚАУЛЫ**

06.07.2021 ж.

**Түркістан қаласы**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

№ 14

**город Туркестан**

**«Түркістан облысының аумағында  
карантин мен шектеу шараларын  
қатандату туралы»**

Мен, Түркістан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері **Нышанов Нұрбек Садықбекұлы**, Қазақстан Республикасының 2020 жылдың 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104 бабына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №67), «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №68), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №17), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 26 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 11 маусымдағы №27 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №27), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 01 шілдедегі №31 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №31),

«Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ 293/2020 бұйрығына, Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының хаттамаларына сәйкес, «COVID-19» аурушандығы мен вирусты пневмонияның өсуіне байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. Коронавирустық инфекциясы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін Түркістан облысының аумағында карантин мен шектеу шаралары қатаңдатылсын.**

**2. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, мемлекеттік органдарға, құқық қорғау және арнайы органдарға:**

2.1. бұқаралық іс-шараларды (*мерекелік, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды, конференцияларды, семинарлар, мерекелік корпоративтерді, және т.б.*), отбасылық іс-шараларды (*ас беру, үйлену тойы, мерейтой, беташар, қыз ұзату, құдалық*) және көпшілік жиналатын өзгеде іс-шараларды, оның ішінде тұрғылықты мекен жайы бойынша (үйде) өткізуге тыйым салынсын;

2.2. қоғамдық орындарға (*бөлмелерде, кәсіпорындарда, мекемелерде, базарларда, сауда объектілерінде, қоғамдық көліктер және т.б.*) және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ, ашық ауада орналасқан қоғамдық орындарда болған кезде (*5 жасқа дейінгі балаларда және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда*) бетперде кию, 1,5-2м. әлеуметтік арақашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптар қатаң сақталсын;

2.3. ойын-сауық нысандарының (*түнгі ойын клубтары, караоке, букмекер кеңселер, жабық үй жайлардағы балалар ойын алаңдары, батут мен аттракциондар*) қызметіне тыйым салынсын;

2.4. «Ashyq» жобасына қатыспаған объектілер: мәдениет объектілері (дайындық), театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар, облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар, аудандық, қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар, бильярд, компьютерлік клубтар боулинг, цирктер, банкет залдары қызметіне тыйым салынсын;

2.5. «Ashyq» жобасына қатыспаған салаларда ойын-сауық іс-шараларын өткізілуіне (*марафондар, көрмелер, көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар*) тыйым салынсын;

2.6. 65 жастан асқан адамдардың аудан, қалаларда қажеттілік туындамаған жағдайда жүруі шектелсін.

2.7. COVID-19 қарсы вакцинацияның толық курсы алғандығы туралы құжаттық дәлелдері бар және COVID-19-бен соңғы 3 ай ішінде ауырып, жазылғандарды қоспағанда, мемлекеттік органдардың қызметкерлерін (әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелері мониторингтік топтардың мүшелері, прокурорлар, полиция, Түркістан облысының төтенше жағдайлары қызметі, аймақтық бөлімшелерімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, Ұлттық қауіпсіздік, соттар, санитариялық -эпидемиологиялық қызмет, сондай-ақ мүгедектерге күтім

жасайтын еріктілермен әлеуметтік қызметкерлер апта сайын профилактикалық мақсаттағы зертханалық тексеруден өткізілсін.

**3. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасының басшысына, Түркістан облысының Полиция департаментінің бастығына, Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысына, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кәсіпорындардың басшыларына, заңды тұлғаларға, кәсіпкерлік субъектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды және күшейтілген дезинфекциялық режимді сақтай отырып, келесі объектілердің қызметіне рұқсат етілсін:**

3.1. Түркістан облысында «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеуді осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес іске асыруды;

3.2. Түркістан облысында әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметіне рұқсат беруді және шектеуді осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес іске асыруды;

3.3. білім беру ұйымдарын қашықтықтан оқытуды, оның ішінде білімді бағалаудың барлық түрлерін қашықтықтан өткізу қамтамасыз етуді;

3.4. медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режим сақтауды қамтамасыз етсін. Әлеуетті ата-аналарға жетім балаларды одан әрі асырап алу, қорғаншылықты, қамқоршылықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбилер үйлері мен балалар үйлеріне баруға берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспайтын уақыт өткен, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алғанын растайтын құжатты ұсынған кезде рұқсат етуді, сонымен қатар, берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспайтын уақыт өткен, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алғанын растайтын құжатты ұсынған кезде ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының медициналық-әлеуметтік объектілерге баруына рұқсат етуді;

3.5. әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, маска кию режимін сақтаған 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелерімен ойын-сауық объектілерінсіз саябақтарға, алаңдар мен скверлерге, жағалауларға және халықтың өзге де демалыс орындарына баруға;

3.6. сауда саласындағы объектілердің, оның ішінде пісірілген өнімдерді, фастфудты, жұмсақ балмұздақты, сусындарды сату дүңгіршектерінің қызметі күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен сағат 09.00-ден 22.00-ге дейін;

3.7. қызмет көрсету саласының қызметкерлері (ұйымдар мен кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдары, ұлттық компаниялар, вахталық қызметкерлер, ірі ұйымдасқан ұжымдарда штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан ал 20%-дан күндізгі режимде жұмыс атқаруға. COVID-19-ға қарсы толық вакцинация курсы алған және соңғы 3 айда COVID-19 ауруына шалдыққан барлық қызметкерлерге мекемеде жұмыс атқаруға рұқсат етіледі;

3.8. ашық ауада жеке және топтық жаттығулар (5 адамнан артық емес);

3.9. жаттығу залдарының қызметі (30%-дан асырмай толтырылу, бір адамға 5 ш.м. кем емес, алдын ала жазылу журналын жүргізу, жазылу журналын нөмірлеу және тігу) сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін;

3.10. ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың: мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, қорықтардың, резерваттардың және басқа нысандардың (бетперде киген жеке және ұйымдасқан топтар үшін 15 адамнан аспайтын, кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып) қызметі;

3.11. күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, автожанармай, газ құю станциялары, АЖБ жанындағы дүкендер, дәріханалар қызметі;

3.12. санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қалыпты режимде мал және автокөлік базарлары жұмыс жасайды.

**4. Меншік нысанына қарамастан Түркістан облысының жеке кәсіпкерлеріне және заңды тұлғаларға, кәсіпорындарының, ұйымдарының, мемлекеттік мекемелердің басшыларына:**

4.1. мекемелерде халыққа қызмет көрсету кезінде, маска, қолғаптар кию және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң түрде сақтау. Халыққа қызмет көрсететін объектілер қызметкерлерін уақтылы ауыстырылатын қолғаптармен және температураны өлшеуге арналған аспаптармен жеткілікті қамтамасыз ету;

4.2. қызметті жүзеге асыратын барлық объектілерде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді (қолды өңдеуге арналған санитайзерлер, дезкілемшелер орнату, беткейлерді күніне кемінде екі рет өңдеу, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып ылғалды жинау, желдету) қамтамасыз ету;

4.3. барлық объектілерде, оның ішінде қоғамдық көлікте, таксиде санитариялық-профилактикалық, санитариялық-эпидемияға қарсы және дезинфекциялық іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ету;

4.4. осы қаулының 3-қосымшасында көрсетілген ұйымдардың егілмеген қызметкерлері (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19 ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) үшін міндетті ПТР-тестілеуді (7 күнде 1 рет) өткізуді қамтамасыз ету;

**5. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысы бойынша жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысына, Түркістан облысының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысына, Түркістан**

**облысының Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысына, меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілеріне және кәсіпкерлік субъектілеріне:**

5.1. қалалық қоғамдық көлік жұмысы сағат 06:00-ден 23:00-ге дейін. Масканы міндетті түрде киюді және отыратын орындар саны бойынша 50 % толымдылығын, жолаушылар үшін қолжетімді орындарда тері антисептигі бар санитайзерлер орнатуды бақылау;

5.2. қоғамдық көліктерде және аялдамаларда адамдардың көп шоғырлануын болдырмау мақсатында біркелкі қозғалыс кестесін белгілеу, жолаушылар көп мезгілдерде линияда (желіде) қоғамдық көліктің (автобустар, шағын автобустар) санын ұлғайту және қоғамдық көлікті соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен өңдеу;

5.3. Түркістан облысының аумағын (саябақтар, скверлер, балалар ойын алаңдары, көп пәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістері мен баспалдақ алаңдары) дезинфекциялаушы құралдарды қолдана отырып өңдеумен, оның ішінде автобус аялдамаларын, адамдар көп жиналатын орындарды және қоғамдық көлікті қамтуды қамтамасыз ету, өңдеуді карантин аяқталғанға дейін күн сайын жүргізу;

5.4. Түркістан облысының аумағында, шағын аудандарда, тұрғын алаптарында, көп қабатты үйлер мен ұйымдар аумағын жоспарлы-тұрақты тазартуды, қоқысты уақтылы шығаруды, қоқысқа арналған контейнерлерді тазалауды, жууды және дезинфекциялауды, қоқыс контейнерлеріне арналған алаңдарды тазалықта ұстауды қамтамасыз ету;

5.5. инфекциялық және провизорлық стационарлар аумағында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күн сайын өңдеу жүргізуді қамтамасыз ету.

**6. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысының Полиция департаментінің бастығына, Түркістан облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысына, Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қалалық және аудандық басқармаларының басшыларына, Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасының басшысына, кәсіпкерлік субъектілері мен жеке тұлғаларға, қамтамасыз ету:**

6.1. InfoKazakhstan.kz. сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік актісінің негізінде объектілердің қызметін қайта бастауды;

6.2. қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіре берісінде санитариялық нормаларға сәйкестік актісін көрнекті жерге орналастыруды;

6.3. шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтының жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

6.4. карантин режимін бұзу фактілерін және шағымдарды орналастыру үшін, бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлерге уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында InfoKazakhstan.kz сайты пайдалануды;

6.5. шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілеріне тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

6.6. InfoKazakhstan.kz сайтындғы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуін;

6.7. объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде "InfoKazakhstan" электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық түрде беруді;

6.8. коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша өз қызметін қайта бастаған объектілермен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді.

**7. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығына, Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасының басшысына:**

7.1. өз жұмысын қайта бастаған объектілерді және қызметі шектелмеген объектілерді коронавирустық инфекциялардың таралуын болдырмауға бағытталған санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар мен санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторингпен қамтамасыз ету;

7.2. бұзушылықтар анықталған, карантин кезеңінде белгіленген шектеу іс-шараларын және басқа да талаптарды орындамаған кезде тиісті әкімшілік шаралар, оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес объектінің қызметін тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдансын;

7.3. халық арасында COVID-19 таралуының алдын алу жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

**8. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басқармасы жанындағы «Түркістан-адалдық алаңы» жобалық кеңсесіне, ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысына, Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығына, ҚР ҰЭМ бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментінің басшысына, Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасының басшысына:**

8.1. Түркістан облысы бойынша дәрілік заттардың болуы және шекті бағаның сақталуы бойынша мониторингтік топ құрылсын;

8.2. Түркістан облысы бойынша дәрілік заттардың болуы және шекті бағаны сақталуы бойынша мониторинг жүргізілсін.

**9. Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысына, «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалының басшысына:**

9.1. COVID-19-ды қадағалау шеңберінде ПТР әдісімен тестілеуді ұйымдастыруды және ПТР зертханалық тексерудің оң нәтижесі бар жағдайлар туралы хабарлауды қамтамасыз ету;

9.2. COVID-19-ға үлгілерді алуға және зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған тест-жүйелердің, диагностикалардың, шығыс материалдарының азаймайтын қорын қамтамасыз ету;

9.3. Тиісті контингентке тестілеу жүргізетін зертхана тестіленетін адамдардан оң нәтиже анықталған жағдайда журналға беру уақытын, қабылдаған адамның ТАӘ мен лауазымын тіркей отырып, 2 сағат ішінде Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне телефон арқылы хабардар етсін. Кейіннен 3 сағат ішінде оң нәтиже туралы хаттаманың көшірмесі берілсін;

9.4. медициналық ақпараттық жүйелерді «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК зертханалық ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етсін.

**10.Түркістан облысының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысына:**

Түркістан облысына вакциналауды жеткізудің жоспарланған көлемін ескере отырып КВИ-ға қарсы вакцинациялау жұмыстарын жалғастырсын:

-меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдардың барлық қызметкерлеріне;

-меншік нысанына қарамастан мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдары, жоғары және орта білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне, студенттеріне;

-полиция қызметкерлеріне;

-ішкі істер, қорғаныс, төтенше жағдайлар департаментінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің, облыстық прокуратураның және соттардың аудандық бөлімшелерінің қызметкерлеріне;

-медициналық-әлеуметтік мекемелерінің персоналы мен контингенттеріне, жабық балалар мекемелерінің персоналына;

-созылмалы аурулары бар адамдарға (қант диабеті, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары);

-меншік нысанына қарамастан халыққа қызмен көрсететін мекемелердің қызметкерлеріне, декреттелген топ контингенттеріне (сауда саттық орындарда, базарлар)

-тіркелген жері бойынша 18 жастан асқан басқа адамдарға.

**11. Мемлекеттік мекемелер және кәсіпкерлік субъектілеріне:**

11.1. объектілер өз қызметін «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысымен бекітілген алгоритмдеріне сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

**12.** Күші жойылды деп танылсын:

12.1. Түркістан облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 14.04.2021 жылғы №8 қаулысы;

12.2. Түркістан облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 06.05.2021 жылғы №11 қаулысы;

12.3. Түркістан облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 18.05.2021 жылғы №12 қаулысы;

12.4. Түркістан облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 23.06.2021 жылғы №13 қаулысы.

**13.** Аудандардың және қалалардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері аймақта қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

**14.** Қаулыны меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

**15.** Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволарға жеткізілсін, халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

**16.** Түркістан облысының аудан және қала әкімдері, Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы, аудандық және қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларының басшылары осы қаулының орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

**17.** Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Түркістан облысының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігері**



**Н. Нышанов**

**«Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу өлшемшарттары**

№	Объектілер/салалар	«Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің жұмыс режимі	«Ashyq» жобасына қатыспайтын объектілердің жұмыс режимі
1.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін
	Жазғы алаңдар	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат	✓ 9.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
	Фуд-корттар	✓ толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 10.00-нан 22.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат	толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 09.00-нан 20.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
	Банкет залдары (банкет залдары ас беруді өткізу үшін және мейрамханалар, дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету)	✓ бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 30 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз ету, 30%-дан асырмай толтырылған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат	—
2.	Сауналар	+	(сенбі, жексенбі күні жұмысы тоқтатылсын)
3.	СПА-орталықтар	+	(сенбі, жексенбі күні жұмысы тоқтатылсын)
4.	Бассейндер	+	(сенбі, жексенбі күні

			жұмысы тоқтатылсын)
5.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтарды қоса алғанда	+	(сенбі, жексенбі күні жұмысы тоқтатылсын)
6.	Мәдениет объектілері (дайындық)	✓ 30 адамға дейін, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдар	-
7.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар *	✓ 30%-дан асырмай толтыру	-
8.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ 75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде	-
9.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ 75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде	-
10.	Бильярд	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30% - дан артық емес толтырылған кезде	-
11.	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде. Тек 12 жасқа толған және одан асқан адамдарға рұқсат етіледі	-
12.	Боулинг	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде	-
13.	Караоке	✓ 50%-дан асырмай, бірақ 30 адамнан асырмай толтырған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат	-
14.	Көрмелер	✓ бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 150 келушіден аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген, 70%-дан асырмай толтырылған кезде	-

15.	Марафондар (ашық ауада)	✓ 30 адамнан артық емес	-
16.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар	✓ 20%-дан артық емес толтырылған кезде	-
17.	Ерікті қатысушылар (ЖОО, киноиндустрия, банктер, ұйымдар, офистер және басқалар)	жеңілдіксіз	жеңілдіксіз
18.	Лотерея клубтар және лотерея сататын өзге де орындары	✓ бір адамға кемінде 4 ш.м.,бірақ 30 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде	-
19.	Алаңы 500 ш.м-ден 1000 ш.м-ге дейін болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	✓ бір адамға кемінде 10 ш.м.,бірақ 30 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде	-
	Алаңы 1000 ш.м-ден 3000 ш.м-ге дейін болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	✓ бір адамға кемінде 10 ш.м.,бірақ 60 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде	-
20.	Цирктер	✓ 30%-дан артық емес толтырылған кезде	-
21.	Отельдер, қонақ үйлер	+	80%-дан аспайтын толымдылықпен
22.	Әуежай	+	+
23.	ХҚКО	+	Уақыт бойынша 9.00- 18.00-ге дейін шектеумен

**Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары**

№	Объектілер/салалар	Жұмыс режимі
1.	Өнеркәсіп	+
2.	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+
3.	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+
4.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+
5.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сактандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+
6.	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
7.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
8.	Музейлер, кітапханалар	+
9.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+
10.	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша
11.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	алдын ала жазылу бойынша
12.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
13.	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	Алаңы 2000ш.м дейін
14.	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	✓ (жексенбіден басқа)
15.	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)
16.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	80%-дан аспайтын толымдылықпен

17	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология	✓ алдын ала жазылу бойынша
18	Қоғамдық көлік	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша 50% толтырумен, уақыт бойынша 9.00-18.00-ге дейін шектеумен)
19	Банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	✓ уақыт бойынша 9.00-ден 18.00-ге дейін шектеумен
20	Мектепке дейінгі мекемелер	✓ кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтарды жинақтауды сақтаған кезде
21	Ұйымдар, офистер*(ескерту)	✓ 80 %- қашықтықтан, 20%- күндізгі режим
22	Діни объектілер	✓ Жабық үй-жайларда ұжымдық іс-шараларды өткізбей
23	Асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері	24-00-ге дейін
24	Стрит-фуд (жеке тұрған шатыр/ларек/отыратын орны жоқ дүңгіршек)	+
25	Моншалар	+
26	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
27	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
28	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	-
29	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)
30	Ашық ауадағы аттракциондар	+
31	Балаларды сауықтыру ұйымдары	✓ толтырылуы 30%-дан артық емес
32	Түнгі және ойын клубтары	-
33	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	-

\* - Ұйымдар, офистер қызметкерлерге COVID-19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген жағдайда қызметін қашықтықтан және күндізгі жұмыс форматында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық арақатынасы жөніндегі талаптарды ескермей жүзеге асырады. Бұл ретте COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсы алған және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған барлық қызметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі.

«+» - қызметке рұқсат етілген;

«✓» - қызметке ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметке тыйым салынған».

### **Егілмеген қызметкерлері ПТР-тестілеуден (7 күнде 1 рет) өтуі тиіс объектілер тізімі**

- қызмет көрсету жөніндегі объектілердің (халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейдегі банктер, қаржы нарығының объектілері, сақтандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаштараздар, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары/орталықтары/кабинеттері, моншалар, сауналар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызметтер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендерінің, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, маникюр және педикюр, косметологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі объектілер, өзге де объектілер);

- халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сақтау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

- мәдениет және демалыс объектілерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, цирктер және басқа да мәдени-демалыс ұйымдары);

- халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы объектілердің (қонақ үйлер, отельдер, хостелдер, мотельдер, жатақханалар, кемпингтер және тағы басқалар);

- жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, әуежайлардың, теміржол, автомобиль және су вокзалдарының, өзен және теңіз порттарының, автостанциялар/автоөтпе жолдарының, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің;

- білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересектер мен балаларға арналған), оқу-өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

- санаторий-курорттық және сауықтыру мақсатындағы объектілердің (санаторийлер, демалыс үйлері/базалары/аймақтары, профилакторийлер, балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы), туристік базалар және басқалар);

- қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде ұйымдасқан ұжымдарда орналасқан, сондай-ақ тамақ жеткізуді жүзеге асыратын объектілердің, стрит-фудтардың;

- барлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік объектілердің (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары);

- денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде зертханалардың;

- дәріхана ұйымдарының;

- тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерінің (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, аумақтарды жинау және қалдықтарды шығару, үй-жайлар мен аумақтарды дезинфекциялық өңдеу бойынша ұйымдар, авариялық-құтқару қызметтері, ПИК және МИБ және басқалары);

- экскурсиялық қызмет көрсететін ұйымдардың;
- демалыс объектілерінің, ойын-сауық ойын объектілерінің (компьютерлік клубтар, бильярд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталықтары/саябақтары, аттракциондар, аквапарктер, караоке, лотерея клубтары және лотерея билеттерін сату жөніндегі өзге де пункттер/нүктелер және басқалар);
- байланыс және телекоммуникация объектілерінің.